

Абай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Абай облысы Абай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 12/13-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

М. Нұрсұлтанұлы

Абай аудандық мәслихатының
2023 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 12/13-VIII шешіміне
қосымша

Абай ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,92
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,96
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,59
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,36
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,53
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,0055

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,94
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,2
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,36
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,11
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,07
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,08
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,06
14	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	0,25
15	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,25
16	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,39
17	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,47
18	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,56
19	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,06
20	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,66
21	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,29